

ТАЛИБАН БИЛІГІНІҢ ХАЛЫҚАРЫЛЫҚ МОЙЫНДАЛУ МӘСЕЛЕСІ

Қайрат АБУОВ*	<i>ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i> abuov1980@mail.ru
Айболат ДАЛЕЛХАН	<i>PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i> dalelkhan@gmail.com
Камилла ШЕРЬЯЗДАНОВА	<i>PhD докторы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қолданбалы зерттеулер институтының мемлекеттік саясатты талдау секторының жетекші ғылыми қызметкері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i> kamilla.sheryazdanova@mail.ru

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-739

ӘОЖ 323.28

ҒТАХТК 11.25.41

Аңдатпа. Мақалада қазіргі Ауғанстандағы билікті толықтай қолына алған Талибан қозғалысының саяси сахнадағы даму тарихы мен билікке келу жолы кешенді талқыланған. Ауғанстанда талибтердің пайда болу себептері көрсетіле отырып, олардың ауған халқы тарапынан қолдау табу заңдылықтары түсіндіріледі. Сонымен қатар, 9/11 оқиғасынан кейін Ауғанстанға енгізілген коалициялық әскерлер мен кейіннен АҚШ бастаған НАТО әскерлерінің елдегі жағдайды толықтай тұрақтандыра алмау себептері қарастырылып, қазіргі жағдайда талибтер билігінің халықаралық танылу қиыншылықтары көрсетіледі. Мақала авторлары халықаралық қауымдастық террористер деп таныған қозғалыстың ресми билікті қолға алғаннан кейінгі Ауғанстан мен көршілес Орталық Азия елдерінің арасындағы қарым-қатынастардың бұдан былай қалай даму ықтималдығы туралы пайымдар жасауға тырысқан. Пандемиядан кейінгі және посткеңестік кеңістіктегі қиын геосаяси жағдайды ескере отырып, әлемдік ірі державалардың Ауғанстанға қатысты саяси ұстанымдарының қалай өзгеруі мүмкін екені жайлы қарастырылған.

Түйін сөздер: Ауғанстан, талибан, халықаралық терроризм, Орталық Азия қауіпсіздігі, халықаралық мойындау.
JEL кодтар: F02, F10, F13

Abstract. The article comprehensively examines the rise of the Taliban to power in Afghanistan. The reasons for the appearance of the Taliban are explained, as well as the legitimacy of support by the Afghan people. In addition, the reasons for the inability of NATO troops to fully stabilize the situation in Afghanistan were discussed. The difficulties of international recognition of the current Taliban government are emphasized. The authors of the article sought to speculate about the prospects for the further development of Afghanistan's relations with the neighboring countries of Central Asia after the movement, recognized by the international community as a terrorist organization, came to power. Considering the difficult geopolitical situation in the post-Soviet space, the possibility of changing the political position of the world's major powers on Afghanistan is being studied.

Keywords: Afghanistan, taliban, international terrorism, security in Central Asia, international recognition.

JEL codes: F02, F10, F13

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается приход талибов к власти в Афганистане. Объясняются причины появления талибов, а также правомерность поддержки афганским народом. Кроме того, обсуждались причины неспособности войск НАТО полностью стабилизировать ситуацию в Афганистане. Подчеркиваются трудности международного признания нынешнего правительства талибов. Авторы статьи стремились порассуждать о перспективах дальнейшего развития отношений Афганистана с соседними странами Центральной Азии после прихода к власти движения, признанного международным сообществом террористической организацией. Учитывая сложную геополитическую ситуацию на постсоветском пространстве, изучается возможность изменения политической позиции крупнейших мировых держав по Афганистану.

Ключевые слова: Афганистан, талибан, международный терроризм, безопасность в Центральной Азии, международное признание.

JEL коды: F02, F10, F13

Осыдан отыз жылдам астам уақыт

бұрын әлемдік тәртіпте орын алған үлкен

*Хат-хабарларға арналған автор: К. Абуов, abuov1980@mail.ru

сілкініс, яғни қоскіндікті жүйенің күйреуі халықаралық қатынастардың күрделі өзгерістерге ұшырауына алып келгені анық. Аталмыш өзгерістер кей өңірлерде мемлекеттер мен аймақтардың дамуына оң ықпалын тигізсе, кей өңірлерді терең саяси-экономикалық, әрі әскери дағдарыстарға ұрындырды. Қырғи-қабақ соғыс жылдарындағы Батыс пен Шығыс арасындағы теке-тірестен батыс елдері өздерін жеңімпаз деп есептегенімен «шығыс» тарапы өздерінің жағдайын жеңіліс деп мойындамай, оны әлемдік тәртіптің жаңаша тұрпаты ретінде қабылдауға тырысты. Қырғи-қабақ соғысының аяқталуына қатысты тараптардың ортақ пайымының болмауы халықаралық қатынастарда жаңа шиеленістер мен қанды-қарулы қақтығыстарға себеп болды. Пост-биополярлық кеңістікте қалыптасқан жаңаша жағдайда кей мемлекеттер қазіргі талап-тілектер мен сын-тегеуріндерді, әрі заманауи трендтерді ескере отырып өздерінің даму бағыттарын таңдаса, кей елдер өздерінің тарихта кеткен еселерін еске ала отырып, тарихи әділеттілікті орнатуға тырысып бақты. Яғни жаңа заманмен ілесе келген тың талаптарға икемделудің орнына уақыты озған құндылықтарды заманауи талап-тілектерге күшпен сәйкестіруге, немесе толықтай қабылдамауға тырысты. Нәтижесінде кейбір мемлекеттерде саяси-әскери төңкерістер орын алып, елді терең дағдарысты жағдайға душар еткізді. Сондай күрделі жағдайға ұрынған елдердің бірі Ауғанстан екені анық.

Бүгінде билікке қайта оралған талибтер билігі әлем қауымдастығының аса алаңдаулы мәселесінің бірегейі екені анық. Ауғанстанмен іргесі түйісіп жатқан Орталық Азия елдері үшін де талибан билігінің болашақ бет алысы өңірдегі әскери қауіпсіздікке тікелей әсер етерін ескерсек, ауған елінде орын алып жатқан өзгерістер мен талибан билігінің халықаралық танылу мәселесін жіті қадағалап әрі терең зерттеулер жүргізу еліміз үшін аса маңызды. Аталмыш зерттеу жұмысында Талибан қозғалысының пайда болу әрі даму тарихын зерделей отырып, бүгінгі Ауғанстан билігінің халықаралық танылу мүмкіндігі мен шиеленісті тұстарын сараптау **мақсат** етіп алынды.

Методология

Зерттеу жұмысында алдыға қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін келесідей тәсілдер пайдаланылды: талибан қозғалысының пайда болу алғышарттары мен ауған халқының әлем қауымдастығы лаңкес деп танитын ұйымды қолдау заңдылықтарын нақтылауда тарихи-өркениеттік сараптау тәсілі кеңінен қолданылды. Халықаралық қауымдастықтың талибан билігіне қатысты ұстанымдары мен пайымдарын айқындауда ресми құжаттар мен зерттеу жұмыстарын құрылымдық талдау тәсілімен қатар, жүйелеу тәсілі де кеңінен қолданылды.

Талибан қозғалысының пайда болуы және даму тарихы

Талибан (студенттер), Ауғанстанда 1990 жылдардың ортасында пайда болған ультра консервативті саяси және діни топ. Кеңес Одағының әскерлерінің Ауғанстан аумағынан шығарылуы, коммунистік режимнің күйреуі нәтижесінде Наджибулла үкіметінің тез арада құлауына алып келді. Осыдан кейін Ауғанстан аумағында азаматтық соғыс басталып әскери, саяси және діни лидерлер басқарған топтар өзара билікке талас басталды. Бір жағынан этникалық тәжік болып табылатын Ахмад шах Масуд, Бурхануддин Раббани және этникалық пуштун болып табылатын Гульбеддин Хекматияр секілді тұлғалардың саяси мақсаттары Ауғанстанда билікті өз қолына алу болатын. Солтүстікте ауған жерінде этникалық Өзбек генералы Абдул Рашид Дустум өзінің ықпалын асыруға қол жеткізді. Яғни әрбір саяси және әскери топ этникалық сияпқа ие бола бастады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен саяси және этникалық ауызбіршілікке нұқсан келтіріп, үкіметтің билігі ел астанасы Кабул мен оның айналасымен шектелуіне алып келді. Сол уақыттағы Ауғанстанның жаңа үкіметінің елдегі билікті ұстап тұру әрекеті сәтсіз аяқталды (*Босин, 2002*).

Осы уақытта елдің оңтүстік аймақтарында этникалық пуштундардан шыққан, жергілікті мешітте имам болып қызмет атқарған Мұхаммед Омардың діни риторикасы көпшіліктің қолдауына ие бола бастайды. Кандагар аумағындағы халықтың қолдауына ие болған М.Омар

Талибан қозғалысының қызметін бастайды. Талибан қозғалысының негізгі күштері Пәкістан аумағындағы медреселерде діни білім алған жастар болғандықтан оларға шарифат бойынша өмір сүруді, елдегі тәртіпсіздіктерді тоқтатып, соғыссыз бейбіт өмірді қамтамасыз ететін саяси ұрандары алға тартып, аз уақытта ортодоксалды діни ұстанымдағы халық арасында ықпалы жоғарылады (Сикоев, 2004).

Бастапқы кезде Талибанды саяси және әскери әлеуеті жоғары аса қауіпті ұйым ретінде қабылдамаған жетекші әскери және саяси топтар өздерінің қателескендігін 1996 жылы Талибанның астана Кабулды толықтай өз бақылауына алып, мемлекетте өз билігін орнатқанда ғана көздері жетті. Талибан билігі елдің үштен екі бөлігін бақылауда ұстай отырып, елде жаппай шарифат заңдарын енгізе бастады. Ең үлкен өзгеріс ретінде әйелдердің құқықтарын шектеу саясатының басталуын, олардың қоғамдағы ролін төмендетуді іске асырылғандығын, этникалық тәжіктер, өзбектер және хазарийлерге деген саясаттың қатаңданғандығын көруге болады. Бұл тенденция сол уақытта Талибанның негізгі тіреуіш күші болып табылатын этникалық пуштундардың жетекші саяси және діни топ болып орныққанын көрсетеді (Әкімбеков, 2020).

Талибан қозғалысының билікке келгеннен кейінгі адам құқықтарына қатысты немқұрайлы қарау саясатымен қоса 2001 жылғы Өл-Қаида ұйымының АҚШ-қа террористік шабуылдарды ұйымдастыруы және Ауғанстан аумағында жасырынып әрекет етуі, нөмірі бірінші террорист деп танылған Усама Бен Ладенді Талибан үкіметінің АҚШ-қа ұстап беруден бас тартуы АҚШ және оның одақтастары тарапынан Ауғанстан аумағын бомбалау және әскери шабуылдар жасап Талибан билігін күйретуге және Солтүстік Альянстың билікке қайта келуіне алып келді (Князев, 2004).

БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған террористік ұйымдардың тізімінде “Талибан” қозғалысының болуы және жаңа ауған үкіметі мүшелерінің БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ пен Еуропалық Одақтың санкцияларының астында болуы Талибан билігінің

легитимділігі мәселесін шешуді қиындатады. “Талибан” үкіметінің халықаралық деңгейде мойындалуы оның үкімет құрамына пуштундардан басқа да этникалық топтар мен тәліптерге қатысы жоқ саяси күштердің өкілдерін қосу жолымен қамтылуын қамтамасыз ету, адамның негізгі құқықтарын сақтау, Ауғанстан аумағындағы террористік ұйымдардың ұяшықтарына қарсы күрес сияқты шарттарды орындауымен байланыстырылады (Khurshudyar, 2021).

Талибан Үкіметінің Ауғанстандағы заңды билік құрушы үкімет ретінде танылуының перспективаларының түсініксіздігін ескере отырып, мүдделі елдер жаңа Ауған билігімен ынтымақтастыққа қатысты өз ұстанымдары мен тәсілдерін әзірлеуде.

2021 жылғы сәуір айында АҚШ-тың жаңадан сайланған Президенті Джо Байден Ауғанстан аумағындағы АҚШ әскерін 2021 жылғы 11 қыркүйекке дейін шығаратынын мәлімдеді. Алайда уақыттың тығыздығына орай американ әскерін шығарудың ең соңғы күні етіп 31 тамызды белгіледі.

2021 жылдың 1 мамырынан бастап “Талибан” лаңкестік ұйымының содырлары америкалық әскерлердің елден түпкілікті кету туралы хабарландыруына байланысты Ауғанстан үкіметі күштеріне қарсы белсенді шабуылдау операциясын бастады.

Ауғанстан үкіметі ел аумағын бақылауды тез жоғалта бастады. Тамыз айының басында «Талибан қозғалысы» елдің 417 ауданының 200-ге жуығының орталығын басып алып, ал тамыздың ортасында Ауғанстан территорияларының көп бөлігі «Талибан» қозғалысының бақылауына өтті. 2021 жылғы 15 Тамызда «Талибан» қозғалысы Ауғанстан аумағын толық басып алғанын жариялады (Анисимова, 2021).

Талибан билігінің халықаралық танылу қиыншылықтары мен мүмкіндіктері

15 тамыз күні Ауғанстан президенті Ашраф Ғани отставкаға кетуге келісіп, елден қашып Тәжікстанға ұшып кетті. 2021 жылдың 17 тамызында елде қалған Ауғанстанның вице-президенті Амрулла Салех өзін қазіргі мемлекет басшысы деп жариялап, ел халқын “Талибанға” қарсы

тұруға шақырды.

Президент Джо Байден өзінің бұл шешімін "Мәңгілік соғыс" ретінде ұзартқысы келмейтінін, Ауғанстан билігі саяси шешімдер арқылы ішкі тұрақтылықты реттеу тетігін таппады және ел үкіметінің халық алдында тиісті деңгейде беделі жоқ болғандықтан елден қашып кетті деп айыптап, үкіметтің құлауы туралы болжам болғандығын, бірақ ол күтілген мерзімнен ерте орын алғандығын мәлімдеді. АҚШ Президентінің айтуынша, елдегі американдық миссияның мақсаты ауған мемлекетінің мемлекеттілігін күшейту болған емес, керісінше АҚШ-қа төнетін қауіптердің көзін жою және алдына алу болды және бұл мақсатқа қол жеткізілді – деді (*Liptak, 2021*).

"Талибанды" үкіметін мәжбүрлеу үшін АҚШ билігі АҚШ-ғы 9 миллиард доллардан астам Ауған активтерін "бұғаттау" тұтқасын қолдануға тырысуда. Сондай-ақ, халықаралық валюта қорының бақылауындағы 450 млн. доллар бұрын Кабулдың шұғыл қажеттіліктерін қаржыландыруға бөлінген.

Сонымен қатар, АҚШ Ауғанстанға шетелдік гуманитарлық көмек тек БҰҰ-ның халықаралық үкіметтік емес ұйымдары мен мекемелері арқылы көрсетілуін талап етуде. "Талибанға" қатысты американдық санкциялардың сақталуы Талибан үкіметін біржақты тануға мүмкіндік беретін шет елдер үшін үлкен кедергі болады, өйткені АҚШ билігі санкциялар режимін бұзушыларға қатысты шектеулер қоюы немесе қылмыстық іс қозғауы мүмкін. Осылайша, Вашингтон Талибан Үкіметінің халықаралық тану процесіне әсерін сақтап қалуға тырысады (*Ahmad, 2021*).

Кабулдағы жаңа билікке халықаралық қолдау көрсетуді және "Талибан" қозғалысына қатысты барлық санкциялар мен шектеулерді жоюды жақтайтын ең белсенді мемлекет Қытай. Ауған мәселесіне белсенді түрде қатысуды кеңейту бағыты Қытайдың Ауғанстанға өз инвестициясын әкелу арқылы пайдалы қазбалар мен кен орындарын (атап айтқанда, Айнак мыс кеніштерін) игеруге, тау-кен өнеркәсібін қалпына келтіруге және логистикалық-инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға (Ауған тарапын құрылып жатқан Қытай-Пәкістан экономикалық дәлізіне қосу) инвестициялау ниетімен байланысты.

Бейжіңнің мұндай тәсілін Талибан Үкіметі оң қабылдайды, олар халықаралық оқшауланудан шығу және ел экономикасын қалпына келтіру процесінде Қытайдың саяси және инвестициялық ресурстарына үміттенеді.

Бейжің көрсетіп отырған саяси қолдау және уәде етілген қаржылық-экономикалық көмек "Талибан" қозғалысына Ауғанстан аумағында орналасқан Шығыс Түркістан ислам қозғалысының ұйғыр содырлары тарапынан Қытай мүдделеріне қауіп-қатерлер мен қауіптерді бейтараптандыру жөніндегі уәделерді орындауға көндіруге арналған (*Grossman, 2021*).

Ресей билігі болашақта Талибан билігінің заңдылығын мойындау және Талибан әлемдік қоғамдастықтың талаптарын нақты орындаған жағдайда Ауғанстандағы Талибан үкіметіне қатысты санкциялар режимін жеңілдету мақсатында қайта қарауды мақұлдайды. Ресейдің ҚХР секілді экономикалық мүмкіндіктері болмаса да, негізінен саяси және өңірлік қауіпсіздік мәселелері бағытында әрекеті тұрақты түрде жүргізілуде. Мәскеудің ең басты назары Ауғанстанның солтүстігіндегі террористік топтардың қауіптерін жоюға, сондай-ақ ықтимал көші-қон дағдарысының алдын алуға бағытталған. Ресей билігі Талибан үкіметі өкілдерімен, ең алдымен Мәскеу форматындағы байланыстарды қолдана отырып, АҚШ пен Еуропалық Одақты ығыстыра отырып, Талибанмен келіссөздер алаңын өз аумағында топтастыруға тырысуда. Қазіргі жағдайды Ресей тарапы ҰҚШҰ-ның маңыздылығын арттыру, сондай-ақ Орталық Азия аумағында өз ұстанымын нығайту үшін белсенді пайдаланады (*Dixon, 2021*).

Пәкістан Ислам Республикасы "Талибан" басшылығына айтарлықтай әсер ететін негізгі аймақтық ойыншы. Талибанның билікке келуі Исламабадтың халықаралық маңыздылығын арттырды және Үндістанмен қақтығыста жаңа мүмкіндіктер ашты. Исламабад, негізінен, Талибан билігін әлемдік қауымдастық алдында ықтималды түрде мойындалуына мүдделі бола отырып, Талибан билігінің көз алдында осындай процестің катализаторы ретінде көрінеді.

Талибан Үкіметіне әсер ету тетіктерін қолдана отырып, Пәкістан

басшылығы Ауғанстандағы процестерге Үндістанның қатысуын барынша шектеуге, Ауған босқындарының Пәкістаннан отанына оралуына, Талибан билігінің "Дюранд сызығын" яғни Пәкістан Ислам Республикасы мен Ауғанстан Ислам Әмірлігі арасындағы мемлекеттік шекара ретінде тануына, сондай-ақ Пәкістан пуштундары арасында террористік және сепаратистік көріністердің өсу қаупін жоюға тырысуда (*Report #320, 2022*).

Иран Ислам Республикасының Ауғанстан аумағындағы АҚШ әскерінің елден шығып кетуіне орай жаңадан билікті өз қолына алған Талибан үкіметімен қарым-қатынасты тұрақты дамытуда. Себебі Ауғанстандағы қазіргі экономикалық санкциялардың салынуына орай Иран мен Ауғанстан арасында сауда қатынастары орнатылып Иран тарапы Ауғанстанды мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуде. Сонымен қатар, хазарлар мен Ауғанстанның орталық және батыс аймақтарында тұратын басқа шиит топтарының мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауды талап етеді. Жалпы Иран аумағында 2,5 миллионға жуық Ауғанстан азаматтары босқын ретінде өмір сүруде. Иран басшылығы Талибан билігімен өзара түсіністікте қарым-қатынасты дамытуға мүдделі екендігі байқалады (*Fathollah-Nejad, 2021*).

Үндістан үшін басым міндет Ауғанстанның аумағында жасырынған исламдық бағыттағы топтардың Үндістанға қарсы террористік шабуыл жасауының алдын алуға және Кашмир сепаратистерін қолдау ұрандарымен терроризм идеологиясының таралуына жол бермеу. Дели Пәкістанның арнайы қызметтері тарапынан құрылған Лашкар-е-Тойба және Джаиш-Е-Мохаммад сияқты құрылымдар Исламабадтың мақұлдауымен Талибан билігі кезінде Үндістанға қарсы террористік іс-қимыл жасау үшін Ауғанстан аумағына көшуі мүмкін деп қауіптенеді. Пәкістаннан тәуелсіз Ауғанстанның инклюзивті үкіметінің құрылуы Үндістанның ұлттық мүдделеріне сәйкес келеді (*Bhagwat, 2021*).

Басқа Орталық Азия мемлекеттерінің ұстамды реакциясы аясында Тәжікстан үкіметінің Ауғанстанда талибандардың билікке келуін салқын

қабылдауы айқын диссонанс болып көрінеді. Ауғанстандағы этникалық тәжіктердің ынтымақтастығын көрсету және қолдау қажеттілігінен басқа, олар бұрынғыдай Талибанға қарсы тұрудың негізі болып табылады, Душанбенің бұл ұстанымы ішкі себептерге де байланысты. Талибан үкіметіне қарсы сөйлеген президент Э. Рахмон жоспарланған билік транзиті аясында Ауғанстан аумағынан террористік қауіп төнген кезде тәжік қоғамын шоғырландыруға тырысуда.

Сонымен қатар, "Тәжікстанның исламдық қайта өрлеу партиясына" тыйым салып, қудалаған Тәжікстан басшылығы "Талибан" сияқты радикалды исламистік қозғалысқа қатысты көзқарастарды түбегейлі өзгерте алмайды. Сонымен бірге, Ауғанстан төңірегіндегі оқиғалардың даму үрдістерін ескере отырып, әскери және экономикалық тұрғыдан әлсіз Душанбеге елеулі әскери-саяси және экономикалық ықпалы бар Мәскеу мен Пекин Тәжікстанның қазіргі ұстанымын түзететін сияқты (*Umarov, 2021*).

Орталық Азия өңірі елдерінің арасында Ауғанстан аумағынан американдық контингентті шығарудан ең үлкен саяси дивидендтерді Өзбекстан алды. Ауғанстанда барлық этникалық топтардың кең өкілдігімен Үкіметтің құрылуын жақтаған Ташкент қауіпсіздік мәселелерін шешу және осы елде өзінің экономикалық мүдделерін алға жылжыту үшін жағдай жасау мақсатында Талибандармен бейресми байланыс орнатқан. Ресми Ташкент билігі Талибан үкіметінің қазіргі уақытта Ауғанстан аумағын дерлік толықтай бақылауға алғанын алға тарта отырып, оны ресми түрде мойындауды дұрыс деп есептейді (*Imamova, 2022*).

Қазақстанның негізгі ұстанымы халықаралық қауымдастықпен бірлесе отырып ауған дағдарысын шешуге атсалысу, тиісті деңгейде гуманитарлық көмек арқылы қолдау көрсетуді, Орта Азия аумағындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған іс-әрекеттер жасауды көздейді.

Талибан үкіметімен тікелей байланыс орната отырып елдегі гуманитарлық ахуал мен халықаралық террористік ұйымдардың Ауғанстан территориясын пайдалана отырып

Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігіне қатер төндірмеуіне мүдделі.

Сонымен қатар, Ауғанстандағы саяси биліктің ауысуы мен елдегі ішкі саяси процестердің салдарынан болатын түрлі қақтығыстар мен экономикалық дағдарыстың әсерінен елдегі халықтың көрші елдерге үдере көшуі және босқындар мәселесі, діни экстремизм идеологиясының таралуы, заңсыз есірткі тасымалының трафигінің артуы секілді күрделі мәселелердің орын алуына жол бермеуді мақсат тұтады. Ал бұл өз кезегінде өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықтың сақталуына барлық елдердің мүдделі екендігін көрсетіп отыр (*Izteleuova, 2022*).

Жалпы, "Талибан" қозғалысы Ауғанстанда ұзақ уақыт билікке келді деп айтуға болады. Талибан үкіметін халықаралық мойындау мәселесі өзекті болып, талибандардың әлемдік

қоғамдастықтың талаптарын орындау процесімен тығыз байланыста болады. Жекелеген мемлекеттердің осы мәселе бойынша ықтимал сепараттық қадамдары кең халықаралық қолдауға ие болмайды.

Батыс тарапынан қаржыландыру тоқтатылған жағдайда Қытай мен Араб елдерінің көмегі жаңа ауған билігі үшін өмірлік маңызды болып отыр. Басқа елдер мен әлеуетті демеушілердің ықтимал ұсыныстары олардың әртүрлі бағыттағы мүдделерін ескере отырып, Ауғанстанды сыртқы демеушіліксіз дамытуға бағытталған саясаты Талибан басшылығы үшін белгілі бір қиындықтар туғызады. Бұл ретте Ауғанстанның экономикасын қалпына келтіру және орнықты даму мәселелерін барлық мүдделі әлемдік және өңірлік акторлардың күш-жігерін шоғырландырмай шешу қиын болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Ahmad, Z. (2021, September 29). *Bill moved in US Senate to sanction Taliban, supporters*. <https://tribune.com.pk/story/2322439/bill-moved-in-us-senate-to-sanction>
- Bhagwat, J. (2021). Strategic Dissonance in Afghanistan and a Way Forward. *Economic & Political Weekly*, Vol. 56, Issue No.50. <https://www.epw.in/journal/2021/50>
- Dixon, R. (2021, August 18). *Russia sees potential cooperation with Taliban, but also prepares for the worst*. <https://www.washingtonpost.com/world/europe/russia-taliban>
- Fathollah-Nejad, A., Azizi, H. (2021, September 22). *Iran and the Taliban after the US fiasco in Afghanistan*. <https://www.mei.edu/publications/iran-and-taliban>
- Grossman, D. (2021, August 27). *Chinese Recognition of the Taliban Is All but Inevitable. The geostrategic and economic benefits of closer relations are too great for Beijing to ignore*. <https://foreignpolicy.com/2021/08/27/taliban-china-afghanistan-recognition/>
- Imamova, N. (2022, May 4). *Uzbekistan Seeks to Engage Taliban Without Alienating West*. <https://www.voanews.com/a/uzbekistan-seeks-to-engage-taliban>
- Izteleuova, E. (2022, January 7). *The Afghan Issue on the Agendas of Uzbekistan and Kazakhstan*. <https://cabar.asia/en/the-afghan-issue-on-the-agendas>
- Khurshudyan, I., Thebault, R., Shih, G. (2021, August 20). *U.S. allies and adversaries are holding off for now on recognizing, aiding the Taliban*. <https://www.washingtonpost.com/world/2021/08/20/>
- Liptak, K., Zeleny, J., Collins, K., Hansler, J., Vazquez, M. (2021, August 16). *Biden admits Afghanistan's collapse 'did unfold more quickly than we had anticipated'*. <https://edition.cnn.com/2021/08/16/politics/biden-afghanistan>
- Pakistan's Hard Policy Choices in Afghanistan*. (2022, February 4). Report #320. International Crisis Group. <https://www.crisisgroup.org/asia/south-asia/pakistan/320>
- Umarov, T. (2021, October 26). *Why Tajikistan is taking a stand against the Taliban*. <https://carnegiemoscow.org/commentary/85649>
- Анисимова, Н. (2021, 15 август). «Талибан» объявил о захвате всей территории Афганистана. <https://www.rbc.ru/politics/15/08/2021/6118e7559a79476bc5d9a96e>
- Әкімбеков, С.М. (2020). Ауғанстан тарихы. *Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты*, 852 б.
- Босин, Ю.В. (2002). Афганистан: полиэтническое общество и государственная власть в историческом контексте. *Москва: Гуманитарий; Академия гуманитарных исследований*, 232 с.
- Князев, А. (2004). Афганский кризис и безопасность Центральной Азии (XIX – нач. XXI вв.) Душанбе, 327 с.

Сикоев, Р.Р. (2004). Талибы: религиозно-политический портрет. Москва: Крафт+, 256 с.

REFERENCES

- Ahmad, Z. (2021, September 29). *Bill moved in US Senate to sanction Taliban, supporters.* <https://tribune.com.pk/story/2322439/bill-moved-in-us-senate-to-sanction>
- Bhagwat, J. (2021). Strategic Dissonance in Afghanistan and a Way Forward. *Economic & Political Weekly*, Vol. 56, Issue No.50. <https://www.epw.in/journal/2021/50>
- Dixon, R. (2021, August 18). *Russia sees potential cooperation with Taliban, but also prepares for the worst.* <https://www.washingtonpost.com/world/europe/russia-taliban>
- Fathollah-Nejad, A., Azizi, H. (2021, September 22). *Iran and the Taliban after the US fiasco in Afghanistan.* <https://www.mei.edu/publications/iran-and-taliban>
- Grossman, D. (2021, August 27). *Chinese Recognition of the Taliban Is All but Inevitable. The geostrategic and economic benefits of closer relations are too great for Beijing to ignore.* <https://foreignpolicy.com/2021/08/27/taliban-china-afghanistan-recognition/>
- Imamova, N. (2022, May 4). *Uzbekistan Seeks to Engage Taliban Without Alienating West.* <https://www.voanews.com/a/uzbekistan-seeks-to-engage-taliban>
- Izteleuova, E. (2022, January 7). *The Afghan Issue on the Agendas of Uzbekistan and Kazakhstan.* <https://cabar.asia/en/the-afghan-issue-on-the-agendas>
- Khurshudyan, I., Thebault, R., Shih, G. (2021, August 20). *U.S. allies and adversaries are holding off for now on recognizing, aiding the Taliban.* <https://www.washingtonpost.com/world/2021/08/20/>
- Liptak, K., Zeleny, J., Collins, K., Hansler, J., Vazquez, M. (2021, August 16). *Biden admits Afghanistan's collapse 'did unfold more quickly than we had anticipated'.* <https://edition.cnn.com/2021/08/16/politics/biden-afghanistan>
- Pakistan's Hard Policy Choices in Afghanistan.* (2022, February 4). Report #320. International Crisis Group. <https://www.crisisgroup.org/asia/south-asia/pakistan/320>
- Umarov, T. (2021, October 26). *Why Tajikistan is taking a stand against the Taliban.* <https://carnegiemoscow.org/commentary/85649>
- Anisimova, N. (2021, 15 avgust). «Taliban» obyavil o zahvate vsej territorii Afganistana. <https://www.rbc.ru/politics/15/08/2021/6118e7559a79476bc5d9a96e>. (In Russian).
- Akimbekov, S.M. (2020). *Auganstan tarihy.* Nur-Sultan: KR Prezidenti zhanyndagy Kazakstan strategijalyk zertteuler instituty, 852 b. (In Kazakh).
- Bosin, Ju.V. (2002). *Afganistan: polijetnicheskoe obshhestvo i gosudarstvennaja vlast' v istoricheskom kontekste.* Moskva: Gumanitarij; Akademija gumanitarnyh issledovanij, 232 s. (In Russian).
- Knjazev, A. (2004). *Afganskij krizis i bezopasnost' Central'noj Azii (XIX – nach. XXI vv.)* Dushanbe, 327 s. (In Russian).
- Sikoev, R.R. (2004). *Taliby: religiozno-politicheskij portret.* Moskva: Kraft+, 256 s. (In Russian).

INTERNATIONAL RECOGNITION PROBLEMS OF TALIBAN AUTHORITY

Kairat ABUOV, Doctoral student of the Institute of Diplomacy of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan, abuov1980@mail.ru

Aibolat DALELKHAN, PhD, acting Associate Professor, Eurasian National University named after L.N.Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan, dalelkhan@gmail.com

Kamilla SHERYAZDANOVA, PhD, Leading Researcher of the Public Policy Analysis Sector of the Institute of Applied Research of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan kamilla_sheryazdanova@mail.ru

ПРОБЛЕМЫ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРИЗНАНИЯ ВЛАСТИ ТАЛИБАН

Кайрат АБУОВ, Докторант Института дипломатии Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Нур-Султан, Казахстан, abuov1980@mail.ru

Айболат ДАЛЕЛХАН, доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, dalelkhan@gmail.com

Камилла ШЕРЬЯЗДАНОВА, доктор PhD, ведущий научный сотрудник Сектора анализа государственной политики Института прикладных исследований Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Нур-Султан, Казахстан, kamilla_sheryazdanova@mail.ru